

**Шектеу іс- шараларын тоқтату және "Сартерек ауылдық округіндегі Көгедай ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 шешімнің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 5455 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 22 қарашадағы № 404 ұсынысы негізінде, Сартерек ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданының Сартерек ауылдық округіндегі Көгедай ауылында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Сартерек ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 " Сартерек ауылдық округіндегі Көгедай ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы " (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5004 болып тіркелген, 2017 жылғы 07 маусымда аудандық "Достық" газетінде және 2017 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округі әкімі*

*Ә. Орынбаев*